

## Аққайнар ауылдық округі елді мекендерінің көше атауларын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Аққайнар ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 01 наурыздағы N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 13 наурызда N 5-13-119 тіркелді

**Р Қ А О** е с к е р т п е с і .

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабы 4 ) тармақшасына сәйкес Аққайнар ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере келе

### **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Аққайнар ауылындағы Алтай көшесі - «Райхан Қоқабаев атындағы» көшеге өзгертілсін .
2. Қызыл Жұлдыз ауылындағы Қызыл Қайың көшесі – «Әбілғали Төлесов атындағы» көшеге өзгертілсін .
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман Ш. Құрмановаға жүктелсін.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі .

*Ауылдық округ әкімі*

*Ж. Тыныбеков*